

**Жанбай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 тамыздағы № 37 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы**

Атырау облысы Исатай ауданы Жанбай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 53 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда № 4296 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Исатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2018 жылы 07 қарашадағы № 10-10/119 ұсынысы негізінде Жанбай ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жанбай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 тамыздағы № 37 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4234 болып тіркелген, 2018 жылғы 29 тамыздағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізілді.

*Округ әкімі*

*Д. Есмұханов*